

## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

№ 56

*2021 жылғы 01 қыркүйек*

Балқаш қаласы

**Азаматтық қорғаныс  
жұмысы мен төтенше жағдай  
туған кездегі ұйымдастырылатын  
іс – шаралар мен сақтану  
шаралары туралы**

Қарағанды облысының білім басқармасының №20 18.01.2010ж. төтенше жағдайлар Департаментінің №16 19.01.2010.жылғы бұйрығын және қалалық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің № 45 10.02.2011 жылғы бұйрығын негізге ала отырып, 2021-2022 жылға арналған төтенше жағдайларды ескерту және жою жүйесін дайындау шаралары жоспарына сәйкес жалпы білім беретін мектеп оқушыларының, мектеп шаруашылық қызметкерлерінің, басшылар құрамының төтенше жағдайларға дайындығын байқау және теориялық білімін, дағды мен ептілігін нығайту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2021 жылғы 01 қыркүйек күнінен бастап балалардың жарақаттанушылығын азайтуға және ескертуге бағытталған «Төтенше жағдай пайда болғанда педагогикалық құрам мен оқушылардың әрекет ету тәртібі» тақырыбында сынып сағаттары мен дәрістер **өткізілсін.**
2. 2022 жылғы 01 наурызында «Балаларды қорғау күні», балалардың жарақаттанушылығын азайтуға және ескертуге бағытталған «Төтенше жағдай пайда болғанда педагогикалық құрам мен оқушылардың әрекет ету тәртібі» тақырыбында шаралар **өткізілсін.**
3. «Баршаның назарына!» дабылын қабылдау және айрықша жағдай іс - әрекетіне байланысты бағдарлама **жасалсын.**
4. «Балаларды қорғау күнін» өткізуге арналған жалпы мектептік комиссия құрамы құрылып **бекітілсін.**
5. Төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында 2022 жылғы 01 ақпан - 01 наурыз аралықтарында осы тақырыпқа айлық **жариялансын.**

- айлықты жоспарлау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Р. Б. Ерубасеваға, Ш. Р. Рахимбековке **жүктелсін.**

- адам өмірін қауіпсіздандыру сабақтарында сынып жетекшілері арнайы әңгімелер, кездесулер **өткізілсін.**

- қауіп төнген жағдайда эвакуация шараларын азаматтық қорғаныс бойынша дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Мирали Шаймоллинович Балпыков 9-10 сынып оқушылары арасында дайындық ретінде жүргізісін.

- оқушылар көп жиналған жерде, іс-шаралар өтіп жатқан бөлмелерде қауіпсіздік ережелері қатаң сақталуы сынып жетекшілер мен жүргізушілерге жүктелсін.

- төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында эвакуациялық және насихаттау жүргізу директорының тәрбие жөніндегі орынбасарлары Р.Б.Ерубәеваға, Ш.Р.Рахимбековке және АӘД және технология пәнінің мұғалімі Ш.Алинге жүктелсін.

- жоспарланған шаралардың уақытында өтуі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Р. Б. Ерубәеваға, Ш. Р. Рахимбековке, Ш.Алинге жүктелсін.

Директор



Г.М. Манатаева